**2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

315 , 316 , 317 , 318 , 319 , 320 , 321 (құпия) , 322 , 323 , 324 , 325 , 326 , 327 , 328 , 329 , 330 , 331 , 332 , 333 , 334 , 335 , 336 , 337 , 338 , 339-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 315-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1801069 мың теңге (бір миллиард сегіз жүз бір миллион алпыс тоғыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21-24-баптары; "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы ; "Техникалық реттеу туралы"

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы тауарларды (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылауға жататын өнімдер тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы N 1282 қаулысы ; "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; "Сапа саласындағы конкурстар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы сауда өкілдігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қарашадағы N 1222 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 392 қаулысы ; " Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпарат орталығын құру және оның жұмыс істеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 718 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қазандағы N 1129 қаулысы .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.02.15. N 141 Қаулысымен.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Экономиканы әртараптандыру және жаңғырту негізінде елдің тұрақты дамуын, өнімнің бәсекеге қабілетті түрлерін шығару үшін жағдай жасауды және экспорттың өсуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) индустриялық дамудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде барынша терең технологиялық қайта бөлістер мен шикізат ресурстарын тиімді пайдалануды енгізу негізінде елдің индустриялық дамуы үшін жағдайлар жасау;

2) елдің ғылыми-техникалық және инновациялық дамуының мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде ғылыми-технологиялық әзірлемелерді (ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану) енгізу және жоғары технологиялық өндірістерді қалыптастыру негізінде ел экономикасының дамуы үшін жағдайлар жасау;

3) ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру;

4) құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың мемлекеттік саясатын

қалыптастыру, оның ішінде құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту және реформалау үшін жағдайлар жасау;

5) техникалық реттеуді және өлшем бірлігін дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру;

6) сауда қызметін дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде теңгермелі кеден-тарифі саясатын жүргізу мен тауарлардың импорты кезінде ішкі рынокты қорғау және ұлттық сауда режимін ырықтандыру деңгейін ұлғайту жолымен отандық өндірісті дамыту және қолдау үшін жағдайлар жасау;

7) Қазақстанның сыртқы сауда-экономикалық қатынастарын дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, оның ішінде сауда қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау;

8) кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру, сондай-ақ ғылыми-техникалық саладағы кәсіпкерлікті, инновациялық қызметті дамыту, ғылыми-техникалық өнімнің нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

9) мемлекеттік қорғаныс тапсырысы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау;

10) экономиканың шикізаттық емес секторында инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

11) өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлікті жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерді, білік пен дағдыларды жаңарту.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.02.15. N 141 Қаулысымен.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| | | | | 1. Қазақстан Республикасы Индустрия және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | сауда министрлігін жүктелген міндеттерді орындау үшін бекітілген сан лимиті шегінде ұстау<br>2. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі шараларды жетілдіру. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің қызметін қамтамасыз ету.<br>3. Техникалық реттеу мен өлшем бірліктері индустриялдық-инновациялық дамыту, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласында іс-шаралар жүргізу.<br>4. Семинарлар өткізу жолымен сауда қызметтің реттеу іс шараларын жүргізу, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шараларды іске асыру.<br>5. Жер қойнауын пайдалану және сарапшылық рәсімдер жобаларында қазақстандық қатысудың мониторингі. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің аумақтық органдарын жүктелген міндеттерді | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орындау үшін бекітілген сан лимиті шегінде ұстау | | министр-лігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметші-лердің біліктілі-гін арттыру | "Қаржылық есептілікті халықаралық стандартқа көшіру" тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу. Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту. Халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторлар атағына мамандарды шетелдерде оқыту және тағылымдама-дан өткізу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 5 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтан-дыру | Орталық аппарат пен оның аумақтық бөлімшелерін материалдық-техни-калық жарақтан-дыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 6 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Техникалық құрал-дарды, шығыс мате-риалдарын, жинақ-таушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу; Интернет желісіне ену қызметтерін сатып алу; есептеу техника-сының құралдарына қызмет көрсету; ақпараттық жүйе-лерді және веб-сайтты сүйемелдеу; лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу; "Евромонитор" түріндегі әлемдік деректер қорына | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қол жеткізу кодын сатып алу | | министр-лігі |
| 7 | | 100 | Шет елдегі сауда өкілдік-терінің қызметін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Ресей Федерация-сындағы Сауда өкілдігін ұстау. Қазақстан Республикасының Ресей Федерация-сында сыртқы сауда саласындағы мүдделерін білдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға жәрдемдесу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |
| 8 | | 101 | Қазақстан-ның Дүние-жүзілік сауда ұйымына кіруі | Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі мәселелері бойынша саясатты әзірлеуде және жүргізуде орталық және жер-гілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

1) индустриялық-инновациялық даму мәселелері жөнінде семинар мен тренингтер жүргізу;

2) сапа менеджменті жүйесін оқыту және жақсарту жөніндегі консалтингтік қызметтерді сатып алу;

3) мамандандырылған кезеңдік басылымды шығару;

4) кәсіпкерлік қызметі еркіндігінің рейтингін жүргізу; республика өңірлерінде кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін кедергілерді анықтау;

5) ИСО 9001:2000 Халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келетін, оның ішінде, аумақтық бөлімшелерде сапа менеджментінің жүйесін қолдау және жақсарту;

6) сертификатталған сапа менеджменті жүйесін, оның ішінде аумақтық бөлімшелерде инспекциялық бақылау жүргізу;

7) мына: "Алтын сапа" конкурс көрмесі мен "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығына кемінде 150 конкурсантты іріктеуге

арналған конкурстарды өткізу;

8) лицензиарлардың функциясын орындау;

9) жарнамалық-ақпараттық өнімді басу, шетелдерде және ел ішінде халықаралық ақпараттық-тұсаукесер іс-шараларын ұйымдастыру, "Жылдың үздік инвесторы" конкурсын өткізу, Азия қауымдастығының өңірлік мәжілісін өткізу, веб-сайтқа сервистік қызмет көрсету, өңірлік және халықаралық семинарларды, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырыстарын өткізу;

10) республика өңірлеріне сарапшыларды тарта отырып, отандық өндірісті дамыту мәселелері бойынша семинарлар өткізу; Отандық тауар өндірушілердің экономикалық мүдделерін ішкі нарықта тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларымен қорғау және сыртқы сауда дауларын реттеу;

11) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қатысу бөлігінде келісім-шарт міндеттемелерінің орындалу мониторингі, оның ішінде:

- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде бәсекелестік жағдайларының сақталуын бағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

- өндіруші салалардың тауарлар, жұмыстар және қызметтер сыйымдылығының ( қажеттілігінің) серпініне мониторингті жүзеге асыру;

- өңдеуші өнеркәсіптегі инновациялық-инвестициялық жобаларды іске асыруда отандық өндірушілерді талдамалық және ақпараттық қолдау;

- жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған тендерлік (конкурстық) құжаттамасын сараптау;

- мұнай және тау-кен операцияларын жүргізу кезінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сатып алыну процесіне мониторинг жүргізу;

- жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт міндеттемелерін олардың қазақстандық қатысудың тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алу бөлігінде мониторинг жүргізу;

- Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық өндірістердің тізбесін дайындау;

- "Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін" жүргізу, сүйемелдеу және әкімшілік ету;

- талдамалық және статистикалық функцияларды, ТЖҚ тізілімінің ақпараттық жүйесін дамыту және пысықтауды енгізу бөлігінде функционалдықты ұлғайту;

- ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, (ЭЦҚ беру жөніндегі куәландыру орталығымен ықпалдасу және тиісінше электрондық сатып алудың толық қанды жүйесін құру жағдайында) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың ереже жобасын әзірлеу;

12) алынып тасталды;

13) қатаң есептегі бланкілерді сатып алу;

14) жабдықпен және өлшем құралдарымен жасақталған 19 жылжымалы зертхананы ұстау;

15) мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге оқыту - кемінде 88 адам, оның ішінде аумақтық органдардың қызметкерлері - кемінде 20 адам;

16) ағылшын тіліне оқыту - кемінде 80 адам;

17) мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік деңгейін арттыру - кемінде 16 адам;

18) халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудитор атағына оқыту және тағылымдамадан өткізу - кемінде 10 адам;

19) 2006 жылы оқыған кемінде 10 адамды тағылымдамадан өткізу және оларды халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторлар халықаралық тізіліміне тіркеу;

20) Министрлікті материалдық-техникалық жарақтандыру;

21) техникалық құралдарды, шығыс материалдарын, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу;

Интернет желісіне ену қызметтерін сатып алу; есептеу техникасының құралдарына қызмет көрсету; ақпараттық жүйелерді;

веб-сайтты сүйемелдеу;

лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу;

22) онлайн ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің 2 кодын сатып алу;

23) кәсіби аудармашылардың қызметтерін сатып алу, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі процесі туралы телебағдарламалар мен бюджеттерді дайындау және трансляциялау; материалдарды аудару; веб-сайтты сүйемелдеу; Дүниежүзілік сауда ұйымының хатшылығымен және Жұмыс тобына мүше елдермен (шамамен 40 ел) халықаралық байланыс қызметтерін, Интернетті сатып алу; өкілдік шығыстар; Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі процесі туралы телебағдарламалар мен сюжеттер шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.02.15. N 141 , 2008.06.13 N 581 Қаулыларымен.

Түпкі нәтиже:

мемлекеттің мүдделерін және тұтынушыларды сапасыз өнімнен қорғауды қамтамасыз ету;

өлшеулердің барлық түрлерінің шынайы есебін қамтамасыз ету;

әртүрлі елдердің калибрлеу сынақ зертханалары өткізетін сынақ нәтижелерін өзара тану;

қазақстандық сертификаттарды шетелдерде тану;

ақпараттық жүйе техникасына қызмет көрсету;

электронды жеткізгіштердегі нормативтік құжаттар мен стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ақпаратты өңдеу және тарату;

саудадағы техникалық кедергілер мен фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың ДСҰ хатшылығымен, ИСО, Халықаралық электр техникалық комиссиясымен (ХЭК), ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО мен ХЭК халықаралық ұйымдардың стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерімен, техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен шұғыл ақпарат алмасу жөніндегі ақпараттық жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі;

ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК, ДСҰ-ға мүше елдермен және техникалық реттеу мен санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен тұрақты байланысты ұстау үшін бірыңғай ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуіне арналған жағдайлар жасау;

Қазақстан бизнес қоғамдастығын қазақстандық өнімнің әлем нарығындағы бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін саудадағы техникалық кедергілер және санитарлық пен фитосанитарлық шаралар жөніндегі ДСҰ-ның келісімдеріне сәйкес консультация жүргізу және ақпаратпен қамтамасыз ету;

мемлекеттік техникалық регламенттерге талдау жүргізу және әзірлеу үшін аударылған техникалық регламенттермен және айғақ базасының стандарттарымен қамтамасыз ету;

саудадағы техникалық кедергілер және санитарлық пен фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықтың, оның ішінде ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК, ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО және ХЭК халықаралық ұйымдардың стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерімен, техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен шұғыл ақпарат алмасу жөніндегі аумақтық бөлімшелерінің қалыпты жұмыс істеуі; ДСҰ хатшылығымен, ИСО, ХЭК, ДСҰ-ға мүше елдермен және ИСО және техникалық реттеу және санитарлық және фитосанитарлық шаралар саласындағы халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдармен тұрақты байланысты ұстау үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік желісінің жұмыс істеуіне арналған жағдайлар жасау; Қазақстандағы мемлекеттік органдарға, бизнес қоғамдастығына және мүдделі тараптарға консультация жүргізу және қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру, экспортқа жылжыту мен экспорт кезінде тиімді бәсекелестік үшін өнімнің сапасын және процестерін жақсарту үшін ДСҰ-ның саудадағы техникалық кедергілер мен санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі келісімдерге сәйкес ақпаратпен қамтамасыз ету; шағын кәсіпкерлік субъектілері санының одан әрі өсуі үшін жағдайлар жасау.

Жер қойнауын пайдалану жобаларында және сараптамалық рәсімдерде қазақстандық қатысудың мониторингі;

Бірыңғай электрондық құжат айналымы үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Деректер базасын пайдалану кезінде өнеркәсіптің әртүрлі бағыттары, компаниялар, жекелеген өнімдер бойынша есептер алу. Бизнес ақпараттың жергілікті көздеріне көз

жеткізу және нарықтардағы өзекті ұйымдармен және халықаралық-салыстырма деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

"Алтын Сапа" республикалық көрме жәрмеңкесінің 1 қатысушысын тартуға кететін орташа шығын 233,3 мың теңгені құрайды;

1 аттестациялық зерттеу жүргізуге кететін орташа шығын 40,1 мың теңгені құрайды ;

бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқыту шығыны 24 мың теңгені, ағылшын тіліне - 24 мың теңгені құрайды;

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттырудың орташа шығыны - 90 мың теңгені құрайды;

халықаралық деңгейдегі 1 сарапшы-аудиторды оқытуға және тағылымдамадан өткізуге орташа шығын кемінде 1974,9 мың теңгені құрайды;

2006 жылда халықаралық деңгейдегі сарапшы-аудиторға кандидаттың 1 тағылымдамасына кететін орташа шығын кемінде 906 мың теңгені құрайды.

Уақыттылығы:

техникалық тапсырмаға (ерекшелікке) және жасалған шарттарға сәйкес жүктелген функцияларды уақтылы орындау.

Сапасы:

техникалық реттеудің халықаралық тәжірибесіне көшу, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру және оның әлемдік нарыққа ықпалдасуы;

жұмыстардың уақытылы орындалуы, Нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың мемлекеттік қоры ақпараттық жүйесінің сапалы жұмыс істеуі;

инвестициялық ахуалды жақсарту; өндірістердің жаңа түрлері мен басқарудың қазіргі заманғы әдептерін игеру;

инвестицияларды қызметтің басым түрлеріне тиімді пайдалану;

Әлемдік, өңірлік және ұлттық деңгейдегі нарықтарда жұмыс істеудің стратегиялық талдауы; маркалар мен компаниялардың нарықтық үлестері; ірі компаниялардың сипаттамасы мен олардың табыстарға қол жеткізуге арналған стратегиясы; нарық пен сауданың келешегі жөніндегі болжам туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
316-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын**

**үй салуға кредиттер беру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 16 200 000 мың теңге (он алты миллиард екі жүз миллион теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2007 жылғы 20 тамыздағы N 383 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысы , "Қазақстан Республикасы әлеуметтік экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі әрекеттер жоспарын жүзеге асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықты қалың жігіне тұрғын-үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын-үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қол жетімді тұрғын үймен, оның ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтарының жүйесі арқылы халықтың қалың жігін, Астана қаласының бюджет саласы қызметкерлерін, 100 мектеп пен 100 аурухана салатын қызметкерлерді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | Облыстық бюджеттер- | Бюджет саласының қызметкерлері үшін Астана қаласының бюджетіне қолжетімді тұрғын үй жобалауға, салуға және/немесе | | Қазақтан Республи-касы Индустрия және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 002 | | ге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне тұрғын үй салуға кредиттер беру | сатып алуға кредиттер беру. Салынатын 100 мектеп пен 100 аурухананың қызметкерлері үшін Облыстардың бюджеттеріне, Алматы қаласының бюджетіне тұрғын үй жобалауға, салуға және/немесе сатып алуға кредиттер беру. | Қаңтар-желтоқ-сан | сауда министр-лігі, облыстар-дың, Астана және Алматы қалалары-ның әкімдері. |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:

- 2008 жылы пайдалануға берілетін тұрғын үйдің жалпы ауданы 274 мың шаршы метр.

Түпкілікті нәтиже:

- ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да толыққанды теңгерімді тұрғын үй құрылысы нарығын құру, тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесі арқылы халықтың қалың жігін, Астана қаласында бюджет саласының қызметкерлерін, салынатын 100 мектеп пен 100 аурухананың қызметкерлерін қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі:

- инвестициялық салымдардың тиімділігін арттыру және жаңа қазақстандық сметалық нормативтер жүйесі арқылы қаржылық шығындардың жұмсалуын оңтайландыру.

Уақыттылығы:

- Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде халықтың әлеуметтік қорғалатын тобы үшін 860 мың шаршы метр кредиттік тұрғын үйді пайдалануға және/немесе сатып алынған үйді беру күтіліп отыр.

Сапасы:

- тұрғын үй қорының жайлылығын жақсарту;
- қалалардың және басқа да елді мекендердің сәулеттік келбетін жақсарту.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
317-ҚОСЫМША

233-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері"**
**деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 36564139 мың теңге (отыз алты миллиард бес жүз алпыс төрт миллион бір жүз отыз тоғыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2007 жылғы 20 тамыздағы N 383 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы N 867 қаулысы , "Қазақстан Республикасы әлеуметтік экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі әрекеттер жоспарын жүзеге асыру бойынша Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықты тиісті тұру жағдайларымен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : аула ішіндегі аумақтарды, кіреберістер мен үйге кіретін жолдарды абаттандыруды қоса алғанда, жеке тұрғын үй құрылысының және көп пәтерлі тұрғын үйлердің аумақтарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, құрылыстарды, энергиямен жабдықтайтын көздерді қайта жаңарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 004 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне инженерлік-коммуника-циялық инфрақұры-лымды дамытуға және жайласты-руға берілетін нысаналы даму трансферт-тері | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мыналарды дамытуға нысаналы трансферттер аудару:<br>- жеке және көп қабатты тұрғын үйлерді салу аумағы және/немесе сатып алу үшін Алматы қаласының 4 серіктес қаласы мен Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы ауылын дамыту жөнінде алдын алу жұмыстарын жүргізу; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салу және жобалау;<br>- жеке және көп қабатты тұрғын үйлерді салу аумағы және/немесе сатып алу үшін Алматы қаласының 4 серіктес қаласы мен Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы ауылын дамыту жөнінде алдын алу жұмыстарын жүргізу; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін қайта салу және жобалау | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:

- аула ішіндегі аумақтарды, кіреберістер мен үйге кіретін жолдарды абаттандыруды қоса алғанда, жеке тұрғын үй құрылысының және көп пәтерлі тұрғын үйлердің аумақтарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету;

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды құрылыстыру 1986 км кем емес және/немесе тұрғын үйді сатып алу есебінен құралады;

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, құрылысты, энергиямен жабдықтайтын көздерді қайта жаңарту;

- серіктес қалалардың бас жоспарларын әзірлеу және бекіту, топогеодезиялық

зерттеулер жүргізу.

Түпкілікті нәтиже:

- жеке тұрғын үй құрылысының және көп пәтерлі тұрғын үйлердің аумақтарын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды өткізу, Алматы қаласының 4 серіктес қаласы мен Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы ауылын дамыту.

Қаржы-экономикалық тиімділігі:

- инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуға арналған болжамды шығыстар 1 шақырымға 15,1 млн. теңгені құрайды.

Уақтылығы:

- Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін пайдалануға берудің кестесіне сәйкес.

Сапасы: тұрғын үйлерді салу аумақтарының қажеттіліктеріне инженерлік-коммуникациялық объектілердің коммуналдық және басқа да қызметтердің толық сәйкестігі;

- ҚНжЕ-ге сәйкес.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.11.12. N 581д Қаулыларымен. Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
318-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 21221 мың теңге (жиырма бір миллион екі жүз жиырма бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы , " Құрылысты жобалық қамтамасыз ету және сәулет, қала құрылысы, құрылыс қызметі мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік нормативтер

жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 маусымдағы N 557 қаулысы , "Мемлекет Басшысы Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 2 наурыздағы N 43-ө өкім .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : адамның мекендейтін және тіршілік ететін толымды ортасын қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын төмендету;

үйлер мен ғимараттардың төзімділігі мен ұзақ уақытқа жарамдылығын қамтамасыз ету үшін тиімді сындарлы шешімдер әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | I. Мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын төмендету саласында бір өтпелі тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу: Беріктігі жоғары бетондар мен болаттарды қолдана отырып, қабаттылы-ғы жоғары ғимараттардың қабырғалық құрастырмаларының сейсмикалық төзімділігін зерттеу, сондай-ақ сейсмикалық аудандар үшін қабаттылығы жоғары ғимараттарды | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 005 | | Құрылыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | жобалау жөніндегі нұсқау әзірлеу. II. Тиімді сындарлы шешімдер әзірлей отырып, үйлер мен ғимараттардың төзімділігі мен ұзақ уақытқа жарамдылығын қамтамасыз ету саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу екі жаңа тақырып бойынша: Сейсмикалығы жоғары жағдайларда жұмыс істейтін, беріктігі жоғары құрастырмалар мен бұйымдарды жасау үшін пайдалану сенімділігі жоғары және ұзақ уақытқа жарамды тез қататын бетондар өндірісінің ресурс пен энергияны үнемдеуші технологияларын әзірлеу; Сорланған топырақтарда тұрғызылатын және жеміргіш ортаның әсеріне ұшыраған үйлер мен ғимараттардың ұзақ уақытқа жарамдылығын арттыру. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

- 2007 жылы басталған I тақырып бойынша зерттеулерді жалғастыру;
- 2 жаңа тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді бастау.

Түпкілікті нәтиже:

- жер мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын төмендету;
- тиімді сындарлы шешімдер әзірлеу.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Мүмкін болатын талқандамалы жер сілкінісінің сейсмикалық тәуекелі мен залалын

төмендету саласында бір өтпелі тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған шығындар:

- "Беріктігі жоғары бетондар мен болаттарды қолдана отырып, қабаттылығы жоғары ғимараттардың қабырғалық құрастырмаларының сейсмикалық төзімділігін зерттеу, сондай-ақ сейсмикалық аудандар үшін қабаттылығы жоғары ғимараттарды жобалау жөніндегі нұсқау әзірлеу" 13021,0 мың теңгені құрайды;

2008 жылы бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізудің болжанып отырған құны 4100,0 мың теңгеден 13021,0 мың теңгеге дейін.

Тиімді сындарлы шешімдер әзірлей отырып, екі жаңа тақырып бойынша үйлер мен ғимараттардың төзімділігі мен ұзақ уақытқа жарамдылығын қамтамасыз ету саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған шығындар:

- "Сейсмикалығы жоғары жағдайларда жұмыс істейтін, беріктігі жоғары құрастырмалар мен бұйымдарды жасау үшін пайдалану сенімділігі жоғары және ұзақ уақытқа жарамды тез қататын бетондар өндірісінің ресурс пен энергияны үнемдеуші технологияларын әзірлеу" - 4100,0 мың теңгені құрайды.

- "Сорланған топырақтарда тұрғызылатын және жеміргіш ортаның әсеріне ұшыраған үйлер мен ғимараттардың ұзақ уақытқа жарамдылығын арттыру" - 4100,0 мың теңгені құрайды.

Ұзақтығы: жасалған шарттарға сәйкес жыл ішінде.

Сапасы: қолданбалы ғылыми зерттеулер нәтижелерінің ғылыми-техникалық өнімдерге қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес келуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
319-ҚОСЫМША

233-Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 442973 мың теңге (төрт жүз қырық екі миллион тоғыз жүз жетпіс үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Әртүрлі мақсаттарға перспективалы жаңа материалдарды әзірлеу" атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі N 274 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан халқына жолдауы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өнеркәсіптің және медицинаның қайта өңдеуші салаларында технология мен құралдарды жетілдіру және жаңа өндірісті құруға бағытталған отандық ғылыми әзірлемелер негізінде отандық кәсіпорындардың бәсекелестігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бәсекеге қабілетті өнім алудың жаңа технологияларын әзірлеуге бағытталған, халықаралық стандартқа сай қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Технология-лық сипат-тағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 1. "Әртүрлі мақсаттағы перспективалы жаңа материалдарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізу. 2. "Жаңа инфекцияға қарсы препаратты клиникалық сынақтың II фазасын жүргізу" жобасы. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

1) жартылай өткізгіш материалдарды, наноматериалдарды, құйма және композициялық материалдарды алу саласында НИОКР жүргізілді;

2) Жаңа инфекцияға қарсы препаратты алу бойынша клиникалық сынақтар өткізілді .

Соңғы нәтиже:

1) әзірленген технологиялар:

- жартылай өткізгіштік материалдарды алу үшін пайдаланылатын материалдар: жоғары таза техникалық кремний 99,999 %, силан тазалығы 99,95 % және отандық

шикізаттан өндірілген қоспаларының құрамы 1.10-5 % поликристалдық кремний;
- механикалық беріктікті және тозуға шыдамдықты 2-3 есе, ыстыққа беріктікті 200-400 $^{o}$ С -ға арттыратын үстіңгі қабатты наноқұрылымдар;
- үстіңгі беткі катализаторлардың каталитикалық белсенділігін 2 есе арттыруға мүмкіндік беретін нанотехнологиялар;
- наноқұрылымдық жинақтаушылардың сыйымдылығы мен пайдалану мерзімін арттыруға мүмкіндік беретін технологиялар;
- конструкциялық материалдардың пайдалану мерзімін арттыруға мүмкіндік беретін материалдар мен құймаларды алу технологиясын алға мүмкіндік береді.

2) әлеуметтік маңызды аурулардың (туберкулез, АҚЖТ және т.б.) деңгейін төмендету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

-«"2006-2008 жылдарға әртүрлі мақсаттардағы жаңа материалдарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламаның құны 188 248 мың теңге;

-«"Жаңа инфекцияға қарсы препаратты клиникалық сынақтың II фазасын жүргізу" жобасының құны 254 725 мың теңге.

Уақыттылығы: жасалған шарттарға сәйкес жыл бойы.

Сапасы: құрылған технологиялар шығарылатын сыртқа шығару бағдарлы өнімнің сапасын арттырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
320-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Стандарттау, сертификаттау, метрология және**
**сапа жүйесі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер"**
**деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 34844 мың теңге (отыз төрт миллион сегіз жүз қырық төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4, 8 және 25-баптары , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы , "Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5-бабы , "Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету

мемлекеттік жүйесін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 наурыздағы N 321 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін жағдайлар жасау. Отандық тауар өндірушілердің экспорттық мүмкіндіктерін арттыру. Республиканың эталондық базасын зерттеу және жетілдіру, өнімнің қауіпсіздігін бақылау үшін эталондық жабдықты пайдалану, құрылатын эталондарды пайдалана отырып, салыстырып тексеру бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу, стандарттық үлгілердегі жаңа типтерді әзірлеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** :

- халықаралық деңгейде әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың үрдістерін талдау;
- Қазақстанның кәсіпорындарындағы жұмыс ортасын, өндірістік жағдайды талдау;
- бірыңғай кешенге менеджмент жүйесін біріктіру негізінде шоғырландырылған модельдерді жасау;
- менеджменттің шоғырландырылған жүйесінің күші қолданылатын ұйым үдерістерін сәйкестендіру;
- менеджменттің шоғырландырылған жүйесін енгізу кезінде туындайтын проблемаларды талдау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- әлеуметтік және этикалық жауапкершілік және менеджменттің шоғырландырылған жүйесі саласындағы халықаралық стандартты енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
- Эталондардың метрологиялық және дәл сипаттамаларын зерттеу және жақсарту мақсатымен ғылыми зерттеулер жүргізу, өндірісте және ғылымда оларды неғұрлым тиімді қолдануды қамтамасыз ету;
- өнім сапасын бақылау үшін қажетті стандарттық үлгілердің жаңа типтерін әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Бағдарлама- ның (кіші бағ- дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы- лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Әлеуметтік және этикалық менеджмент және менеджменттің шоғырландырылған жүйесі саласындағы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 007 | | Стандарт-тау, сертификат-тау, метро-логия және сапа жүйесі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу: - метрология саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу; - әлеуметтік және этикалық менеджмент саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу; - ISO 9001, SA 8000, ISO 14001, ISO 18001 менеджментінің шоғырландырылған жүйесі саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:

Стандарттау саласында:

зерттеу нәтижелерін енгізу жөніндегі ұсынымдармен ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы 2 есепті әзірлеу.

Метрология саласында:

| | | | | орнына) әзірлеу, 4.8. "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелерін 3.01-01-2002* қайта өңдеу. 5 бөлім. "Халықты жаңа жерге орналастыру мен өндірістік күштерді орналастыруды қоса алғанда оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдасты-рудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі дайындық іс-шаралары" 5.1. Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі ұсынымдар әзірлеу 5.2. "Қазақстан Республикасының қала салу жобаларының құрамы, әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі туралы нұсқаулық" деген 3.01-07.2001 Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережеріне толықтырулар әзірлеу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: сметалық-нормативтік құжаттардың 25 жинағын әзірлеу және қайта өңдеу және "SANA -2001" бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңейту және толықтыру;

8 нормативтік құжатты әзірлеу (қайта өңдеу) және бекіту;

1 жаңа үлгі жоба әзірлеу және 28 үлгі жобаны әзірлеуді аяқтау. Халықты жаңадан орналастыру және өндіруші күштерді орналастыру жүйесін қамтитын оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар. Өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытудың алғы шарттарына және Қазақстан Республикасының халқын таратып орналастыруға зерттеу жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді жетілдіру, дамыған елдердің техникалық регламенттеріне сәйкес келетін құрылыстың мемлекеттік нормативтерін қолданысқа енгізу;

Еуро стандарттарға сәйкес келетін құрылыс өнімдерінің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу үшін жағдайлар жасау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеудің орташа құны 1-бөлім бойынша 2217,85 мың теңге.

бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеудің орташа құны 2-бөлім бойынша 5271,5 мың теңге;

бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуді аяқтаудың орташа құны 3-бөлім бойынша 3843,4 мың теңге;

бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеуді бастаудың орташа құны 3-бөлім бойынша 7891,0 мың теңге;

бір нормативтік-техникалық құжатты әзірлеудің орташа құны 4-бөлім бойынша 1 400,0 мың теңгеден 3719,0 мың теңгеге дейін.

Уақыттылығы: 2008 жылға арналған тақырыптық жоспарға сәйкес.

Сапасы: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті ғылыми-техникалық кеңесінің нормативтік құжаттарды мақұлдауы және бекітуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
326-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру"**

**деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 127 484 420 мың теңге (бір жүз жиырма жеті миллиард төрт жүз сексен төрт миллион төрт жүз жиырма мың).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы ; " Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан кейінгі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі Жарлығы ; Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары; "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық саясаты шеңберінде ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығы ; "Қазақстанның Даму банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстанның инвестициялық қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 -2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 16 наурыздағы N 65 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 286 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдарының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : даму институттарын тиімді корпоративтік басқару жолымен инновациялық және инвестициялық белсенділікті арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының, мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың ережелерін ескере отырып, индустриялық-инновациялық даму саласындағы мамандандырылған кеңестің ұсынымдары негізінде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге даму институттарының жетуін қамтамасыз ету;

- даму институттарының корпоративтік басқарудың ең мықты әлемдік практикасын енгізу.

**6 . Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Мыналар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдердің негізінде жүзеге асырылатын қаражаттарды бөлу үшін»"Қазына" орнықты қоры" АҚ-ның Жарғылық капиталын ұлғайту: 1) инвестициялық жобаларды кредиттеуді және лизингтік операцияларды, оның ішінде "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қамтамасыз ету; 2) шикізаттық емес салаларда | Қаңтар-ақпан | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 017 | | "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды жүзеге асыру; 3) екінші деңгейлі банктерде қаражаттарды шартты түрде орналастыру жолымен шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру; 4) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдарының жоспарына сәйкес іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде екінші деңгейдегі банктер арқылы Алматы қаласында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтауды қаржыландыруға; 5) Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен тапсырмаларын, "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның және даму институттарының алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау мақсатымен басқа да іс-шараларды қаржыландыру. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда министр-лігі |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:

- 2008 жылы экономикаға Банк беретін кредиттердің көлемінің өсу қарқынын

қамтамасыз ету;
- шикізаттық емес салаларда ұйымдардың жарғылық капиталдарына инвестицияларды инвестициялау және тарту;
- экономиканың шикізаттық емес секторындағы жеке сектордың бастамаларына қаржылық қолдау көрсету;
- өңірлерде шағын және орта бизнесті қаржылық қолдау үлесін ұлғайту;
- Алматы қаласында тұрғын үй нарығындағы жағдайды тұрақтандыру.
Түпкі нәтиже:
- инвестициялық жобаларда ауқымды қатысу;
- түпкі өнімдердің экспортына бағытталған өндірістерді дамыту;
- Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын көтеру;
- шағын бизнесті әртараптандыру;
- экономиканың барлық секторларындағы инвестициялық белсенділікті арттыру және ынталандыру.
Уақыттылығы: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес.
Сапасы: шикізаттық емес секторды дамытуға бағытталған өндіріс көлемдерін ұлғайта отырып, елдің экономика құрылымын әртараптандыру.
Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
327-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Сауда саясатын жетілдіру"**
**деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 179726 мың теңге (бір жүз жетпіс тоғыз миллион жеті жүз жиырма алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экономиканы әртараптандыру және жоғары қосылған құны бар тауарлар өндірісін ынталандыруға бағытталатын Қазақстан Республикасының сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру; Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі және Қазақстанның экономикалық негізделген жағдайларда басқа да өңірлік интеграциялық бірлестіктерге мүше болуы; республиканың ДСҰ шеңберіндегі тиімді қызметін дайындау, оның ішінде отандық кәсіпкерлікті қолдау үшін жағдайлар жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның саудасын дамытуға бағытталған сапалы талдау мен зерттеулерін жүргізу, оның ішінде ДСҰ талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілерді және ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу, сондай-ақ республиканың әлемдік экономикадағы орнын айқындау; сауда саясаты мәселелері бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға консультация беру; отандық бизнесті ДСҰ ережелерімен таныстыру жұмыстарын жүргізу; қажетті хабарламаларды және сауданың жалпы қолдану шараларына қатысты ДСҰ-ға мүше елдердің сұрақтарына жауаптар беру мәселелеріне қатысты ДСҰ Хатшылығымен өзара іс-қимыл.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | Қажетті құжаттамалар мен әдістемені әзірлеуді, оны кейіннен жасауды қоса алғанда, ДСҰ шеңберінде міндеттемелерді орындау жөніндегі Ақпараттық орталықты құру тұжырымдамасы. Отандық ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді қолдауға бағытталған ДСҰ талаптарына сәйкес жүйе құру, сондай-ақ Доха раунды мәселелерін | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 018 | | Сауда саясатын жетілдіру | және оның Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық саласына әсер ету мүмкіндігін зерделеу. Мұнай және жер қойнауын пайдалану саласындағы жергілікті ұстау туралы нормаларды жою жағдайларында ДСҰ талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілерді қолдау жүйесін құру. Халықаралық сауда құқығына оқытудың (қайта оқытудың), әсіресе ДСҰ ережелерін зерделеудің орталықтарын құрудың үздік әлемдік тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ Қазақстандағы ұқсас институтты құру мәселесін пысықтау. Үкіметтік сатып алулар бойынша ДСҰ келісіміне қосылудың әлемдік тәжірибесін, сондай-ақ оны Қазақстанда қолдануды зерделеу. "Еркін қойма" кедендік режимі шеңберін-дегі ҚҚС бойынша жеңілдіктерді жою жағдайларында ДСҰ талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілер-ді қолдау жүйесін құру. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Мыналар:

- ДСҰ шеңберінде міндеттемелерді орындау жөніндегі Ақпараттық орталықты құру тұжырымдамасы;

- Доха раунды мәселелерін қолдана отырып, отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдауға бағытталған ДСҰ талаптарына сәйкес келетін ұсыныстар;

- Қазақстан Республикасының Үкіметтік сатып алулар бойынша ДСҰ келісіміне қосылуының мәселесі жөніндегі ұсыныс;

- "Еркін қойма" кедендік режимі шеңберіндегі ҚҚС бойынша жеңілдіктерді жою жағдайларында ДСҰ талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі шаралар әзірленетін болады.

Халықаралық сауда құқығына оқыту (қайта оқыту) орталықтарын құру мәселесі пысықталатын болады.

Түпкі нәтиже: бірінші кезеңде республика үшін экономикалық тиімді жағдайларда Қазақстанның ДСҰ-ға кіру мүшелігін жағдайлармен қамтамасыз ету (бірінші кезең - ДСҰ-ға кірген сәттен бастап 3-5 жылға созылатын бейімделу немесе өтпелі кезең; екінші кезең - ДСҰ құралдарының көмегімен Қазақстанның мүдделерін жылжытатын белсенді қатысушы.

Қаржы-экономикалық нәтиже: Қазақстанның ДСҰ-ға кіруінің келеңсіз салдарларын азайту және Қазақстанның экономикасын дамытуға Қазақстанның басқа да өңірлік интеграциялық бірлестіктерге мүше болуы.

Уақыттылығы: жасалған шарттарға сәйкес белгіленген мерзімде жоспарланған іс-шараларды орындау.

Сапасы: ДСҰ талаптарын есепке ала отырып, отандық кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту;

Халықаралық сауданы дамыту процестерінде Қазақстанның белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
327-1 ҚОСЫМША

Ескерту. 327-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі

2008 жылға арналған

"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын дамытуға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне дамуға берілетін мақсатты трансферттер"

деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламасының

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 1992936 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз тоқсан екі миллион тоғыз жүз отыз алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 шілдедегі N 1605 "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Жарлығы; "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын құру бойынша шұғыл іс-шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 шілдедегі N 770 Қаулысы; "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 сәуірдегі N 279 Қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 439 Қаулысы; "2007-2015 жылдарға арналған "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағын дамыту Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 895 Қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджет қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** тоқыма өнеркәсібін дамыту, Қазақстан Республикасы экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін белсендету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** жіп иіру, тоқыма және тігін өндірістерінің, дайын өнім өндірістерінің 15 жаңа кәсіпорындарының құрылысы үшін тоқыма секторына инвесторларды тарту бойынша қолайлы инвестициялық жағдай мен инфрақұрылымды құру; дайын тоқыма өнімдерін өндіру үшін әлемдік брендтерді тарту ; тиімділігі жоғары өндірістерді құру, өндірілетін тоқыма өнімдерінің сапасы мен ассортиментін жақсарту.

**6. Бюджеттік багдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| п/п N | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дарла-ма коды | Бағдар-лама атауы (кіші бағдар-лама) | Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша іс-шара-лар (кіші бағдарлама) | Орындалу мерзімі | Жауапты орындау-шы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы инфрақұ-рылымының дамуына нысаналы транс-ферттердің аудa-рылуы - ішкі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 019 | | "Оңтүс-тік" арнайы экономикалық аймағын дамытуға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне дамуға берілетін мақсатты трансферттер | инженерлік желі-лердің құрылысы (су жабдықтау, канализация, электрлендіру, телефондандыру, газдандыру); ОҚО "Оңтүстік" АЭА" на әкелі-нетін инженерлік коммуникациялық желілер құрылы-сының аяқталуы (су құбыры және канализация); 220/10 кВ кіші станциясының және кіріс-шығыс Вл-220 кВ құрылы-сының аяқталуы; 220/10 кВ кіші станциясындағы алғашқы іске қосу жұмыстарын өткізу; ОҚО "Оңтүстік" АЭА-на" апаратын темір жолдардың, автомобиль жолы-ның және Бадам өзенінен өтетін көпір құрылысының аяқталуы; ОҚО "Оңтүстік" АЭА-ын" электр-лендіру үшін 6 кВ ЖвЛ құрылысы. | Мамыр-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: кіргізілетін инженерлік-коммуникациялық желілердің (сумен қамтамасыз ету және канализация, энергиямен қамтамасыз ету), келу темір жолдарының, автомобиль жолдары мен Бадам өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылыстарын аяқтау.

Соңғы нәтиже: "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту, заманауи жоғары технологиялық кәсіпорындарын соғу, отандық экономиканың тоқыма және тігін өнімдерінің импортына тәуелділігін жеңу, қосымша жұмыс орындарын құру, дайын тоқыма өнімдерін өндіру үшін әлемдік брендтерді тарту, сапа мен ассортиментті жақсарту арқылы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, өндіріс шығындарын төмендету, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және оны әлемдік экономикаға интеграциялау.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

- өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, отандық мақта

талшықтарын қосымша құны жоғары дайын өнімге дейін өңдеу;
- өңірге инвестицияларды, жаңа технологияларды тарту;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- шығарылатын өнімнің бәсеке қабілеттілігін жоғарылату, әлемдік нарықтың дәстүрлі сегменттерін бекіту және жаңа сегменттерін игеру арқылы соңғы өнімнің есесіне қарай экспорттың құрылымын өзгерту үшін ғылыми және өнеркәсіптік-технологиялық негіздерді құру;
- сапасын, ассортиментін жақсарту және өндіріс шығындарын төмендету есебінен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату.

Уақтылығы: орнатылған келісімдерге сәйкес.

Сапасы: арнайы экономикалық аймақты құру жоғары технологиялық өндірістер мен технологияларды дамытуға, республиканың ғылыми және техникалық потенциалын пайдалануды кеңейтуге, тоқыма өнеркәсібі саласында бәсекеге қабілетті өнімдердің жаңа буындарын әзірлеу және өндіру үшін технологиялық негізді жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
328-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация құру жөніндегі іс-шараларды өткізу" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 22 000 000 мың теңге (жиырма екі миллиард теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 Жарлығы , " "Ертіс", "Оңтүстік" және "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 320 Жарлығы , "Қазақстан Республикасы

Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысы , "Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасы, Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 483 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 қаңтардағы N 22 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 320 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 мамырдағы N 376 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аумақтық дамуды жеделдету және өңірлік дамуға екпін түсіре отырып, Қазақстанда қалыптасқан жағдайларға барынша бейімделген өңірлердің, шикізаттық емес секторлардың бәсекеге қабілетін арттыру мақсатында Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кластерлік даму, өзін-өзі ұйымдастыру және ішкі ресурстарды жұмылдырудың, әлеуетті инвесторларды экономиканың шикізаттық емес секторларына тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың тетіктерін енгізу жолымен өңірлік Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | I. "Сары-арқа" ӘКК ҰК АҚ әлеуметтік-кәсіп-керлік корпорациясының жарғылық капиталын ұлғайту. Теміртау қаласын-дағы индустриялық парктің инженерлік инфрақұрылымын салу. II. Алынып тасталды . III. "Ертіс", | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 021 | | Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация құру жөніндегі іс-шараларды өткізу | "Жетісу", "Тобыл", "Каспий", "Батыс", "Оңтүстік" алты әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталын ұлғайту. IV. ӘКК капиталдандыру жолымен Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде халықтың кең жігін қол жетімді тұрғын-үймен қамтамасыз ету үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды құру. V. 2009 - 2011 жылдарға арналған " Нұрлы көш" бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру . | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" АҚ |

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 , 2008.12.31. N 581ж Қаулыларымен.

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Материал, энергия және еңбек өнімін сыйымдылықтарын азайтуға бағытталған, құрылыс материалдар сапасын жақсартуда және ассортименттердің өсуіне жоғарғы өнімді құралдарды және жаңа технологияларды енгізу;

- Астана қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстарының құрылыс нарығын арзан бағаға қанықтыру, сапалы және сенімді құрылыс материалдарын, бұйымдармен және үй құрылысына керек-жарақтары және құрылыс материалдар импорты үлесін төмендету;
- Ішкі нарықта құрылыс материалдарды бәсекеге қабілетті етіп шығару және экспорттық нысандағы өнімдерді игеру;
- таза экологиялық және тиімді ассортиментті құрылыс материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды кеңейту;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- салық түсуін ұлғайту.

Тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде халықтың кең жігін қол жетімді тұрғын-үймен қамтамасыз ету үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту.

Соңғы нәтиже: Қосымша жұмыс орындарын құру, сапа және түр-түрлілікті жақсарту есебінен өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндіріс шығындарын азайту , ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және оның экономикаға әлемдік ықпалдасуын арттыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, жаңа мақта талшығын жоғары қосылған бағамен дайын өнім жасау;

- инвестиция аймақтарына жаңа технологияларды тарту;

- жаңа жұмыс орындарын құру;

- бәсекелестікке қабілетті өнім шығаруды жоғарлату есебінде түпкі өнім пайдасына экспорт құрылымының өзгеруі үшін ғылыми және өнеркәсіп-технологиялық негізін құру;

- өндіріс шығындарын төмендету және ассортименті, сапаны жақсарту есебінде бәсекелестікке қабілеті өнімді жоғарлату.

Уақыттылығы:

- жасалған шарттарға сәйкес;

- өңірдің экономикалық дамуын жеделдету, елдің өңірлік дамуына отандық және шетел инвесторларды тарту серпінін жақсарту, инвестициялық капиталды жақсарту, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларының басымды қызмет түрлерін инвестицияда тиімді пайдалану.

Сапасы: Арнайы экономикалық аймақты құру жоғарғы технологиялық өндірістер мен технологияларды дамытуға жағдай туғызады, республиканың ғылыми және техникалық әлеуетін пайдалануды кеңейтеді, текстильді өндіріс саласында бәсекелестікке қабілетті жаңа буынды өндіру және өңдеу үшін техникалық негізді құрады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
329-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу" деген 022 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1174603 мың теңге (бір миллиард бір жүз жетпіс төрт миллион алты жүз үш мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 және Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлықтары , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген "Мемлекет басшысының 2007-2009 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпы ұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары".

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстандық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экспорттық бейімделуін (ішкі елдер бағыттары мәселесі) ынталандыруда, қазақстандық өнімдерді экспортын жылжытуға ( сыртқы бағыттар мәселесі) жәрдемдесуде, ең көп экспорт әлеуетімен мемлекеттік тарауларды қолтабыс ету тетіктерін пайдалануда жағдайлармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | 1. Кадрлар құзыретіндегі ықпалдастықты дамыту:<br>- шетелдік жетекші өнеркәсіп-экспор-терлерде кәсіпорын басшыларын оқыту курстарын ұйымдастыру;<br>- экспорттық басқару саласында оқыту қызметтері, сонымен қатар сапа және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қауіпсіздік саласындағы қызметтер анықтамалықтарын және жеткізушілер қызметтері каталогтарын дайындау және жариялау.<br>2. Сапаны қамтамасыз етуге жәрдемдесу:<br>- қазақстандық экспортерлердің имидждік өнімдерін әзірлеу және қалыптастыру.<br>3. Сауда ақпараттарымен қамтамасыз етуге жәрдемдесу:<br>- экспортерлер тізілімін жасау және жүргізу;<br>- отандық экспортерлар үшін мамандандырылған веб-сайт құру;<br>- сауда және коммерциялық ақпарат жөнінде халықаралық ақпараттық деректер базасына ақпаратты-техни- калық сүйемелдеу және қосылу.<br>4. Сауданы қолдау желісінің өзге де қызметтерін дамытуға жәрдемдесу:<br>- экспортты ілгерілету және шетелде бизнесті жүргізу жөнінде семинарлар өткізу;<br>- Сатушылар мен "Сатып алушылар" жыл сайынғы кездесулерін ұйымдастыру және жүргізу;<br>- "Дайын өнімнің | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 022 | | Қазақстан-дық тауарлардың экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу | үздік экспортері" конкурсын өткізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйақысын беру;<br>- Қазақстан Республикасының "Экспо-2008", "Сарогоса" (Испания) халықаралық көрмесіне, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңы өңірлеріндегі көрмеге қатысуы;<br>- Қазақстан Республикасының "Экспо-2010", Шанхай (Қытай) халықаралық көрмесіне қатысуы жөніндегі жұмыс жобасын әзірлеу.<br>5. Қазақстандық өнімдер экспортын жылжытуға жәрдемдесу:<br>- экспорттық өнімнің жыл сайынғы анықтамалығын басуға дайындау және Қазақстан сыртқы нарықтарға ұсынатын орыс және ағылшын тілдерін-дегі "Экспортер" арнайы журналын шығару;<br>- Ресей Федерациясының, Қырғызстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының сауда-экономикалық | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касы Индустрия және сауда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аймақтарын құрудың шаралар кешенін әзірлеу; - шетелдегі отандық қауымдастықтар өкілдіктерін ашуға жәрдемдесу. 6. Халықаралық сарапшыларды тарта отырып кәсіпорындардың экспорттық әлеуетін бағалауды жүргізу: - өңдеуші саланың 200 кәсіпорындары-ның экспорттық әлеуетінің диагностикасы; - экспорттың салалық стратегияларын және дамудың дара бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға көмектесу және шетелдік сараптаманы тарта отырып 3 пилоттық салалар бойынша (машина жасау, химия, тағам) кемінде 30 кәсіпорындар үшін экспортты жылжыту; - халықаралық стандарттарды орындауда кәсіпорындар мен зертханаларға жәрдемдесу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:

- 200 кәсіпорынның экспорттық әлеуетінің диагностикасы;

- кемінде 75 кәсіпорындардың экспорттық дайындығын шетел сараптамасын тарта отырып бағалау;

- Қазақстан сыртқы әлемге ұсына алатын орыс және ағылшын тілдеріндегі жыл сайынғы қазақстандық өнімдердің каталогтарын дайындау және басу (басылым - 1 000 дана);

- "Экспортер" арнайы журналының бірінші нөмірінің шығару, орыс, қазақ және

ағылшын тілдерінде;

- үш пилоттық саланың даму стратегиясы және бәсекеге қабілеттілікті арттыру жоспарлары және неғұрлым экспорттық әлеуеті бар 30 кәсіпорындардың экспортын дамыту;

- экспортерлердің тізілімін жасау;

- экспорт саласында Қазақстанда көрсетілетін қызметтер мен жеткізушілер қызметтерінің анықтамалықтарын орыс және қазақ тілдерінде дайындау және басу ( басылым - 1 000 дана);

- сапа мен қауіпсіздіктің міндетті халықаралық стандарттарын іс жүзінде орындау;

- пилоттық салада қызмет көрсететін 3 зертхана үшін халықаралық аккредитациялауға дайындау үшін қажет ресурстардың мұқтаждықтарын бағалау;

- қазақ және орыс тілдерінде (отандық аудитория үшін) мамандандырылған интерактивті веб-сайт дайындау және қосу;

- экспортерге көмек ретінде орыс және қазақ тілдерінде 6 басылым дайындау және басу;

- Қазақстан Республикасының кемінде 25 елшіліктері арқылы қазақстандық экспорттың имидждік өнімін тарату;

- қазақстандық шикізаттық емес экспорт және дәстүрлі емес өнімдер тауарларын іздеу үшін өткізудің перспективалық нарықтары маркетингтік зерттеулері нәтижелерін жариялау - кемінде БАҚ-қа 30 басылым кәсіпорындар мен ҮЕҰ тарату үшін 1000 дана жалпы тиражбен жекелеген шығарылым;

- Ресей Федерациясымен, Қырғызстан Республикасымен және Өзбекстан Республикасының сауда-экономикалық аймақтары құру жөнінде тұжырымдамалар жобаларын әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының "Экспо-2008", "Сарогоса" (Испания) халықаралық көрмесіне, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңы өңірлеріндегі көрмеге қатысуы;

- Қазақстан Республикасының "Экспо-2010", Шанхай (Қытай) халықаралық көрмесіне қатысу бойынша жұмыс жобасын әзірлеу;

- "Үздік экспортер" жыл сайынғы конкурсын өткізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйақысын беру;

- экспортты жылжытудың жаңа нысандарын, халықаралық тәжірибені қоса алғанда анықтау жөніндегі жұмысты зерттеу.

Түпкілікті нәтиже:

- экспорттауға икемділігін арттыру саласында арнайы білім және дағдыландырылған кадрларды дамыту;

- сыртқы сауда саласында мемлекеттік қызметтердің тиімділігін және атаулығын жоғарлату;

- институттық деңгейде мемлекеттік тетікті құру және экспортқа жағдай жасауды

қолдау;

- бизнес-орта индексі бойынша 63 позициядан (2007 жылы) 50 позицияға дейін (2010) рейтингті жоғарылату;

- Қазақстанда 10 пайызға жұмыс істейтін ірі ТНК жеткізілімдерін жергілікті ұстауды жоғарылату;

- жеке және мемлекеттік секторлардың іс-әрекетінің тетіктерін пысықтау;

- жеке сектор қызметін дамытуға (оқыту, стандарттау, сертификаттау) бағыттау;

- неғұрлым экспорттық әлеуеті бар 30 кәсіпорындарды сыртқы нарықтарға (2009-2010 жылдардың аяғы) кезең кезеңмен шығару алгоритмі;

- халықаралық стандарттарды орындауда экспортқа бағдарланған кәсіпорындар мен зертханаларға жәрдемдесу;

- экспорттың қосымша құнын арттыру;

- қолданыстағы шикізаттық емес экспорттың көлемдерінің өсімін жеделдету және географиясын кеңейту;

- экспорттық бағдарлылық мәдениетін дамыту.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: тек ұзақ мерзімді (2015-2020) жоспарда көрсетіледі. Орта мерзімді (3 жыл) жоспарда: тиімді экспорттық қызметті жетілдіруге, сыртқы нарыққа бәсекелестікке барынша қабілетті қазақстандық тауар және қызметтерге үлесін, инвестиция үшін экономиканың шикізат секторын тартуды, ІЖӨ-нің үлесін арттыру.

Уақыттылығы: Шикізаттық емес экспортты қолдау үш жыл ішінде экономикалық шикізаттық бағыттылығынан ауытқуға мүмкіндік береді.

Сапасы: Бағдарлама экономиканың шикізаттық емес секторын сыртқы нарыққа жылжытуға ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
330-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**
**"Техникалық реттеу саласында мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

Ескерту. 330-қосымша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
331-ҚОСЫМША

233 - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2007 жылға арналған**
**"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12889968 мың теңге (он екі миллиард сегіз жүз сексен тоғыз миллион тоғыз жүз алпыс сегіз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "2006-2010 жылдарға арналған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы "Астана қаласын сумен қамту және кәріз" жобасы бойынша қарызды бекіту Келісімі туралы" 2003 жылғы 6 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы ; "2006-2010 жылдарға арналған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 624 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : сумен қамту жөніндегі қызметке халықтың тұрақты қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сумен қамту және су жіберу қорғаныстарын кеңейту және жаңарту үшін жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағ-дарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 024 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері-не сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму транс-ферттері | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | "Астана қаласын сумен қамту және су жіберу" жобасын іске асыру үшін Астана қаласының бюджетіне дамытуға арналған мақсатты трансферттерді аудару. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, Астана қаласының әкімдігі |
| 3 | | 005 | Ішкі көздерінің есебінен | 1) Вячеслав су қоймасынан су жеткізудің 2-желісін жаңарту (2006 жылғы 24 тамыздағы N 2-465/06 "Мемлсараптама" РМК қорытындысы); 2) Қызылорда облысы Қызылорда қаласының су құбырлары және канализация желілерін кеңейту және қайта құру; 3) Қызылорда облысы Қызылорда қаласының су қоймасынан су жеткізудің желісін жаңарту бюджеттік инвестициялық жобалардың аясында іс-шараларды іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, Астана қаласының әкімдігі және Қызылорда |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бюджеттеріне республикалық бюджеттен трансферттер беру. | | қаласының әкімдігі. |
| 4 | | 016 | Республи-калық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыланды-ру есебінен | "Астана қаласын сумен қамту және су жіберу" жобасын іске асыру үшін Астана қаласының бюджетіне дамытуға арналған мақсатты трансферттерді аудару. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Индустрия және сауда министр-лігі, Астана қаласының әкімдігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижесі: мына жобалар бойынша орындалған жұмыстар көлемі:

"Астана қаласын сумен қамту және су жіберу";

"Вячеслав су қоймасынан су жеткізудің 2-желісін жаңарту";

"Қызылорда облысы Қызылорда қаласының су құбырлары және канализация желілерін кеңейту және қайта құру";

"Қызылорда облысы Қызылорда қаласының су қоймасынан су жеткізудің желісін жаңарту";

Ақырғы нәтижесі: қауіпсіз, сенімді және сапалы ауыз сумен, сонымен бірге су жеткізудің сапалы қызметімен қамтамасыз ету үшін сумен қамту объектілерін қолданысқа енгізу.

